

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА ӘЛІПБИІ ТУРАЛЫ

Алтынбек Шәріпбай, т.ғ.д., профессор, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Жасанды интеллект» ҒЗИ-ң директоры (www.e-zerde.kz)

Қолданатын негізгі ұғымдар:

Фонема – әліпбиде жеке таңбаланатын сөз мағыналарын түрлендіре алатын ең кіші фонетикалық бірлік.

Аллофон – әліпбиде жеке таңбаланбайтын фонеманың баламасы.

Диграф – дыбысты таңбалайтын екі таңба тіркесі, ол әліпби элементі емес, орфографиялық ереже болады және бөлінбей тек бір буында жазылады.

Орфография – сөздерді жазу емшелерінің жүйесі.

Орфоэпия – сөздерді айту емшелерінің жүйесі.

Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру бойынша жұмыс тобының кейбір мүшелері жаңа әліпбидің бірінші жобасын 11.09.2017 күні ҚР Парламентіне ұсынды, оның екінші жобасын 09.10.2017 күні Елбасына көрсетті, ал 26.10.2017 күні Елбасы екінші жоба негізінде қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы Жарлыққа қол қойды.

Мен айтылған жұмыс тобының мүшесі ретінде қазақ тілінің жаңа әліпбиінің екі жобасының да талқылауына шақырылғаным жоқ. Сондықтан компьютерлік лингвистика проблемаларымен 20 жылдай айналысып және алынған ғылыми нәтижелер бойынша 10-нан астам жас ғалымдарды даярлаған, «Қазақша жазуды латынға аударудың ғылыми, әдіснамалық, технологиялық және әдістемелік негіздері» атты ҚР Білім және ғылым министрлігі 2013-2015 жылдары гранттық қаржыландыру бойынша орындалған жобаның ғылыми жетекшісі және «Қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстыру мәселелері» атты монография шығарған ғалым ретінде **қазақ тілін латынға көшіру жобалары туралы өз пікірімді білдіруді жөн көрдім.**

Бірінші жобада **33** фонема және **2** аллофон **25** латын әрпімен және **8** диграфпен таңбаланған, мұнда латынның **1** әрпі **Xx** қолданбай қалған (1-Кесте). Ал екінші жобада **32** фонема, **2** аллофон және екі дыбыстың тіркесі

(нг) 23 латын әрпімен және 8 диграфпен таңбаланған, мұнда латынның 3 әрпі *Cc, Ww, Xx* қолданбай қалған (2-Кесте). Осылардан, ұсынылған әліпби нұсқаларынан қазақ тілінің дыбыстар саны мен түрлері бөлек екендігі көрінеді. Бұл алдымен қазақ тіліндегі дыбыстардың санын және олардың түрлерін анықтап алмай, оларды таңбалайтындарды іздестіргеннің дәлелі, яғни, «2 белгісізі бар бір теңдеудің шешімін табу» болады. Сондықтан алдымен қазіргі қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің кейбір проблемаларын қарастырайық.

Қазіргі қазақ тілінде орыс тілінен енген және **Ии** әрпімен таңбаланған дауысты (**и**) дыбысы бар. Ол кірме сөздерде кездеседі және оларды айтқанда бұл дыбыс **қазақтың төл дауысты фонемасы (і) сияқты дыбысталады**, мысалы, *интернет - (інтернет), инвестор* фонема болатын - (*инвестор*), *институт - (інститут), депозит - (депозит)*, мұнда дөңгелек жақшада сөздің дыбысталуы берілген. Сондықтан, **егер орыс тілінің (и) дыбысын қазақтың (і) фонемасының аллофоны деп қабылдасақ, оларды бір латын әрпімен таңбалауға болады.**

Қазақ тілінде орыс тілінен енген дауысты (**у**) дыбысын пайдалану қазақ орфографиясында кейбір қайшылықтар тудырды. Мысалы, қазіргі қазақ жазуында «у» дыбысына аяқталатын «бу», «гу» сияқты сөздердің тәуелдік жалғауларының үшінші жағында «бу+ы», «гу+і» болады. Бұлар “*Қазақ тілінде тәуелдік жалғауларының үшінші жағында дауыссызбен аяқталатын сөздерге «ы» немесе «і» жалғауы, ал дауыстыға аяқталатын сөздерге «сы» немесе «сі» жалғауы жалғанады*” деген ережеге қайшы келеді. Егер (**у**) дыбысын дауыссыз деп есептесек, онда «бу», «гу» деген сөздерде бір де буын болмайды екен. Сондықтан осындай сөздерді екі дауыссыздың арасына дауысты дыбысты қосып, дұрыс жазу керек. Сонда қазақ тілінің түбір, буын және морфема деген айтылым бірліктері бұзылмай дұрыс жазылады. Осыдан **қазақ тілінде дауысты (у) дыбысы жоқ екендігі**, ал қазір **Уу** кирилл әрпімен белгіленіп жүрген дауыссыз дыбыс (**ў**) екендігі шығады, **ол қолданыстағы қазақ тілінің әліпбиінде таңбаланбаған.** Бұл

(*у*) дыбысы орыс тілінде жоқ, бірақ ол ағылшын тілінде бар және оны халықаралық фонетикалық әліпбиде [*w*] болып таңбаланады. Ал орыс тіліндегі *Уу* әрпімен көрсетілген дауысты дыбыстың халықаралық фонетикалық әліпбидегі таңбасы [*u*] болады, яғни, қазақ тіліндегі дауыссыз [*w*] дыбысы мен орыс тіліндегі дауысты [*u*] дыбысын, естілім ұқсастығына карамай, өзара шатастырмау керек. Бұл “Қазақ тілінде сөз ішінде буын дауысты дыбыстан басталмайды” деген ережеге де сай келеді де, жоғарыдағы «*бұ-ўы*», «*гү-ўі*» түрінде буынға дұрыс бөлініп, қазақ тілінде сөздің буын құрамын бұзбайды.

Қолданыстағы әліпбиде *Уу* әрпімен белгіленген орыс тілінің дауысты дыбысы (*y*) кірме сөздерде кездеседі және ол кейде қазақтың төл фонемасы (*у*) сияқты дыбысталады, мысалы, *универсам* – (*универсам*), *университет* – (*университет*), *формула* – (*формұла*). Сондықтан, егер орыс тілінің дауысты (*y*) дыбысын қазақтың дауысты (*у*) фонемасының аллофоны деп қабылдасақ, онда оларды латынның *Uu* әрпімен таңбалауға болады,

Енді қазақ тілінің латыниціадағы әліпбиінің ұсынылған екі үлгісін талдауға кірісейік.

Бірінші үлгіде қазақ тілінің жіңішке дауысты (*ә*), (*ө*), (*ү*) дыбыстары *Ае ае*, *Ое ое*, *Ue ue* диграфтарымен дұрыс таңбаланғаны осы мақаланың авторының «Қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстыру мәселелері» монографиясында (http://e-zerde.kz/zerde/files/!KazAlphabet_rus.pdf) ғылыми негізделген, онда келесі фактылар орнатылған:

– (*ә*), (*ө*), (*ү*) жіңішке дауысты дыбыстарының осциллограммалары (*a*), (*o*), (*у*) жуан дауысты дыбыстарының осциллограммаларымен (*e*) дауысты дыбысының осциллограммасының қосындысынан тұратындығы компьютерлік эксперимент арқылы дәлелденді, яғни келесі қатынастар (*ә*) = (*a*)+(*e*), (*ө*) = (*o*)+(*e*), (*ү*) = (*у*)+(*e*) орнатылды;

– қазақ тілінің ешбір жалқы сөзінде (*ae*), (*oe*) немесе (*ue*) тіркесі кездеспейді, сондықтан бірінші жұптары (*a*), (*o*), (*у*) жуан дауысты

дыбыстарды таңбалайтын **Ае ае, Ое ое, Уе уе** диграфтары орфографияда ешқандай қайшылық тудырмайды;

– **Ае ае, Ое ое, Уе уе** диграфтары буын құру ережелерін бұзбайды, себебі олардың әрқайсысы буынға қатысатын жалғыз дыбысты ғана таңбалайды.

Ескере кетсек, дауыссыз (**ың**), (**ғы**), (**чы**), (**шы**), (**жы**) дыбыстарын таңбалайтын **Ng ng, Ch ch, Sh sh, Zh zh** диграфтары келесі орфографиялық проблемаларды тудырады:

1) диграф **Ng ng** айтылуы да, мағынасы да бөлек сөздерді бірдей жазуға жол береді, мысалы, «күңі» және «күңгі» деген бөлек екі сөз «kuengi» болып бірдей жазылады, сонымен қатар, кейбір сөздерді бұрыс жазуға жол береді, мысалы, «сенген» деген сөз «sengen (сеңен)», ал «келінге» деген сөз «kelinge (келіңе)» болып бұрыс (қате) жазылады;

2) диграфтар **Ch ch, Sh sh, Zh zh** латынның **Hh** әрпі қазақтың (**хы**) дыбысын таңбалау үшін пайдаланғанда, кейбір атаулар мен сөздерді бұрыс жазуға жол береді, мысалы, «Цхай = Chaj (Чай)», «асхана = ashana (ашана)», «қымызхана = qumyzhana (қымыжана)».

3) Латын әрпі **Ww** орыс тілінен енген кірме дауысты (**у**) дыбысты таңбалау үшін бұрыс қолданылған, себебі, бұл кейбір сөздерді дұрыс жазуға мүмкіндік бермейді, мысалы, «бу = bw», «гу = gw», «су = sw», «ту = tw».

Осы проблемалардың келесідегідей шешімдері бар:

1) **Ng ng** диграфына байланысты проблемаларды шешу үшін мына “Егер кириллицадағы сөзде **Гг** әрпімен таңбаланған (**гі**) дыбысының алдында **Нн** әрпімен таңбаланған (**ны**) дыбысы кездессе, онда «ассимиляция» заңы бойынша (**ны**) дыбысын (**ың**) дыбысы деп есептеледі” деген ережені орындау керек. Сонда проблемалық сөздер былай жазылады: «күңі = ku`ngi», күңгі = күңгі = ku`nggi», «сенген = сеңген = senggen», «келінге = келіңге = kelingge»”. Бұл, егер сөзде (**гі**) дыбысының алдында (**ны**) дыбысы

тікелей кездесе, онда осы сөздің латынша жазуында (gi) дыбысын таңбалайтын **Gg** әрпін қосақтау керек дегенді білдіреді.

2) **Ch ch, Sh sh, Zh zh** диграфтарына байланысты проблемаларды шешу үшін (**xy**) дыбысын, әзербайжан, өзбек және басқа тілдердегідей, латынның **Xx** әрпімен таңбалау керек, ал латынның **Hh** әрпін осы диграфтардың екінші жұбы ретінде ғана қолдану керек. Сонда латын әліпбиі негізіндегі қазақ тілінің орфографиясында осы диграфтарға байланысты ешқандай проблема болмайды.

3) **Ww** латын әрпіне байланысты проблеманы шешу үшін **осы әріппен**, кириллица негізінде **қолданыстағы әліпбиде таңбаланбаған қазақ тілінің дауыссыз (ÿ) фонемасын таңбалау керек**. Бұл жоғарыдағыдай қазақ тілінің орфографиясындағы қайшылықты тудырмайды да, буынды дұрыс бөлуге мүмкіндік береді, мысалы, «бÿÿ = *biw*», «гÿÿ = *giw*», «сÿÿ = *siw*», «тÿÿ = *tiw*».

Қазақ тілі әліпбиінің екінші жобасын талдаған кезде келесі проблемаларды атауға болады:

1. **A' a', O' o', U' u', I' i', C' c', G' g', N' n', S' s', Y' y'** диграфтардың екінші сыңары ретінде ұсынылған жолүсті таңба **апостроф ' – аксантик** (түйме тақтаның ағылшын жайылымындағы **Э түймесі**) арнаулы символ болып программалау тілдерінің әліпбилеріне кіреді және ол өңделетін мәтінің жеке фрагменттерін ерекшелеуде қолданылады. Бұл **дұрыс емес**, себебі қазақ тіліндегі сөздерді морфологиялық талдау және тудыру, мәтіндерді қазақша сөйлеуге автоматты түрлендіру, сөйлемдерді басқа тілдерге машиналық аудару сияқты **компьютерлік өндеуде осы диграфтармен таңбаланған дыбыстар танылмайды да өндеуге қатыспауы мүмкін**. Сонымен қатар, егер сөзде осы **диграфтармен таңбаланған дыбыстар** қатар кездесе, онда осы сөздердің латынша жазуында әріптер екі жағынан апострофтармен қоршалады да, оларды

фрагменттерді ерекшелейтін «символдық» жақшамен шатастырып алуға болады. Мысалы, «шәжә = s'o'z'e», «жәшік = z'a's'ik», «шәйнек = s'a'i'nek».

2. **Н' н'** диграфы дауыссыз (*ың*) дыбысын және [нг] дыбыстар тіркесін таңбалауға пайдаланылған. **Бұл дұрыс емес**, себебі мұндай диграф **мағынасы бөлек сөздерді бірдей жазуға мүмкіндік береді**. Мысалы, «күңі = ku'n'i» және «күңгі = ku'n'i».

3. **І' і'** диграфы орыс тілінен енген **дауысты (и)** дыбысы мен дауыссыз (*й*) дыбысын таңбалауға пайдаланылған, яғни, дауыссыз (*й*) дыбысы дауысты (*и*) дыбысының аллофоны деп қарастырылған. **Бұл дұрыс емес**, себебі **кейбір сөздердің жазуынан буындар әртүрлі бөлінеді**. Мысалы, «түйін = tu'i'in» деген сөз 2 буынды «tu'i'+in» немесе 3 буынды «tu'+i'+in» болады.

4. Латын әрпі **У у** дауысты (**ы**) дыбысын таңбалауға пайдаланылған, ал **У' у'** диграфы орыс тілінен енген және (**ы**) дыбысына үндес емес дауысты (**у**) дыбысын таңбалаған. **Бұл дұрыс емес**, себебі бұл дыбыстар бір-бірімен үндес емес және кейбір сөздердің оқылуын қиындатады. Мысалы, «жуық = z'y'uq».

5. Қазақ тілінің дауыссыз (*й*) дыбысына таңбаланбай қалған. **Бұл дұрыс емес**, себебі бұл дыбыссыз жоғарыда келтірілген **орфографиялық қайшылықтар пайда болады**.

6. Латын әрпілері қазақ тілінің дыбыстарын таңбалауға жетіспей жатқанда, **3 латын әрпі Сс, Ww, Хх қолданылмай қалған**.

Осы проблемалардың келесі шешімдерін ұсынуға болады:

1. **Хх** латын әрпімен қолданыстағы кирилл әріптері *Хх* және *Һһ* арқылы таңбаланып жүрген (**хы**) және (**хі**) дауыссыз дыбыстарын таңбалау керек, ал латын әрпі **Нн** дауыссыз (**чы**), (**ғы**), (**шы**) және (**жы**) фонемаларды таңбалайтын **Ch ch, Gh gh, Sh sh, Zh zh** диграфтарға қатысады.

2. Қазақ тілінің (*ың*) дыбысын таңбалайтын диграфта ' – **аксантик** эгю таңбасын латынның **Gg** әрпіне ауыстырып мына ережені қабылдау керек:

“Егер сөзде (гi) дыбысының тікелей алдында (ны) дыбысы кездессе, онда осы сөздің латынша жазуында (гi) дыбысын таңбалайтын **Gg** әрпін қосақтау керек”. Мысалы, күнгі = ku`nggi», «сенген = senggen», «келінге = kelingge»”.

3. **I' i'** диграфын алып тастау керек, **Ii** латын әрпімен қазақ тілінің дауысты (*i*) фонемасын және оның (*и*) аллофонын таңбалау керек, ал **Jj** латын әрпімен дауыссыз (*й*) дыбысын таңбалау үшін пайдалану керек. Сонда кірме сөздер өздерінің түпнұсқаларына жақын жазылады. Мысалы, *интернет* = *internet*, *инвестор* = *investor*, *институт* = *institut*, *депозит* = *deposit*.

4. **У' у'** диграфын алып тастау керек, ал қазақ тілінің жіңішке (*ә*), (*ө*), (*ү*) дыбыстарын таңбалайтын **А' а'**, **О' о'**, **У' у'** диграфтарында ' – аксантик эгю таңбасын ` – аксантик грав (түйме тақтаның ағылшын жайылымындағы **Ё түймесі**). Сонда жоғарыда келтірілген мысалдар былай жазылады: «шөже = sho`zhe», «жәшік = zha`shik», «шәйнек = sha`jnek».

5. **Uu** латын әрпімен қазақ тілінің дауысты (*ү*) фонемасын және оның орыс тілінен енген дауысты (*у*) аллофонын таңбалау керек. Бұл қазақ тілінің орфографиясында қайшылық тудырмайды және кірме сөздердің латынша жазуын олардың түпнұсқаларына жақындатады. Мысалы, «*универсам* = *universam*», «*университет* = *universitet*», «*формула* = *formula*».

6. **Ww** латын әрпімен қолданыстағы кирилл әліпбиінде таңбаланбаған қазақтың дауыссыз (*ў*) дыбысын таңбалау. Бұл қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпиясында жоғарыда талқыланған қайшылықтарды тудырмайды да, сөздерді буынға дұрыс бөлуді қамтамасыз етеді. Мысалы, *алаў* = *alaw*, *аўа* = *awa*, *бұў* = *biuw*, *гүў* = *quw*, *нұў* = *niw*, *сұў* = *suw*, *таў* = *taw*, *тұў* = *tuw*.

7. **Cc** латын әрпін орыс тілінен енген дауыссыз (*цы*) дыбысын таңбалау үшін пайдалану керек. Бұл қазақ тілінің орфографиясы зиянын тигізбейді де және кірме сөздердің латынша жазуын олардың түпнұсқаларына жақындатады. Мысалы, *Цезарь*=*Cesar*, *Цейлон*=*Ceylon*, *цензура*=*cenzura*, *цемент*=*cement*.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде **қазақ тілінің латын графикасындағы жаңа әліпбиінің екі нұсқасы** 3-Кесте мен 4-Кестеде ұсынылады. Бұл нұсқалардың бір-бірінен айырмашылығы қазақ тілінің тек төл сөздерінде ғана кездесетін жіңішке (*ə*), (*ɵ*), (*ү*) фонемаларын таңбалайтын диграфтарда ғана болады. Бұл екі нұсқа да қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпиясында қайшылықтар тудырмайды және олардың кез келгенін таңдауға болады, әйтседе бірінші нұсқаның артықтышылығы бар, онда диграфтар тек латын әрпілерінен құралады, бұл қазақ тіліндегі мәтіндерді шұбарлатпайды.

Қазақ тілі жазуын латын әліпбиіне толық көшіруге қажеттілер (дыбыстық жүйе, әліпби, орфографиялық ережелер мен сөздіктер, орфоэпиялық ережелер мен сөздіктер, терминологиялық сөздіктер, ономастикалық сөздіктер, топонимикалық сөздіктер) мемлекеттік стандарттау объектілері болуы тиіс. Бұл мемлекеттік тілдегі жазбалардың сапалылығын және біріздігін қамтамасыз етеді және егер стандартталған объектілер баспасөз құралдарында, жарнамаларда, бұқаралық және басқа таратылатын материалдарда бұрмаланған болса, онда олардың шығарушыларын әкімшілік жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді.

Қазақ тіліне қатысты стандарттарды дайындау үшін Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (ҚР ИДМ ТРМК) арнаулы Техникалық комитет (ТК) құра алады. ТК дайындаған қазақ тілі бойынша стандарттар жобалары көпденгейлі сараптамадан өтеді. Сараптамаға мемлекеттік басқару органдары, білім беру мен ғылыми мекемелер, қоғамдық ұйымдар және басқалар қатыса алады. Олардың әрбір стандарт жобасына берген пікірлерінің жинағы ҚР ИДМ ТРМК жанында құрылған арнаулы комиссиясымен талқыланылады. Егер стандарт толық және сапалы дайындалған болса, онда стандарт бекітеледі де қолданысқа ұсынылады. Бұл қазақ тіліндегі әрбір өзгерістерді Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына байламауға мүмкіндік береді.

1-Кесте. Қазақ тілі әліпбиінің бірінші нұсқасы

№	Латын таңбасы	Дыбысталуы	№	Латын таңбасы	Дыбысталуы
1	<i>Aa</i>	<i>Аа</i>	13	<i>Mm</i>	<i>Мм</i>
2	<i>Bb</i>	<i>Бб</i>	14	<i>Nn</i>	<i>Нн</i>
3	<i>Cc</i>	<i>Цц</i>	15	<i>Oo</i>	<i>Оо</i>
4	<i>Dd</i>	<i>Дд</i>	16	<i>Pp</i>	<i>Пп</i>
5	<i>Ee</i>	<i>Ее</i>	17	<i>Qq</i>	<i>Ққ</i>
6	<i>Ff</i>	<i>Фф</i>	18	<i>Rr</i>	<i>Рр</i>
7	<i>Gg</i>	<i>Гг</i>	19	<i>Ss</i>	<i>Сс</i>
8	<i>Hh</i>	<i>Хх/Һһ</i>	20	<i>Tt</i>	<i>Тт</i>
9	<i>Ii</i>	<i>Іі / Ии</i>	21	<i>Uu</i>	<i>Ұұ</i>
10	<i>Jj</i>	<i>Йй</i>	22	<i>Vv</i>	<i>Вв</i>
11	<i>Kk</i>	<i>Кк</i>	23	<i>Ww</i>	<i>Уу</i>
12	<i>Ll</i>	<i>Лл</i>	24	<i>Yy</i>	<i>Ыы</i>
			25	<i>Zz</i>	<i>Зз</i>

№	Латын таңбасы	Дыбысталуы	Транскрипциясы	Мысалы
1	<i>Ae / ae</i>	<i>Әә</i>	[ə] [æ]	<i>aelem</i>
2	<i>Oe / oe</i>	<i>Өө</i>	[ø]	<i>oerken</i>
3	<i>Ue / ue</i>	<i>Үү</i>	[y]	<i>uekimet</i>

№	Латын таңбасы	Дыбысталуы	Транскрипциясы	Мысалы
1	<i>Gh / gh</i>	<i>Ғғ</i>	[ɣ]	<i>ghylym</i>
2	<i>Ch / ch</i>	<i>Чч</i>	[tʃ]	<i>chempion</i>
3	<i>Sh / sh</i>	<i>Шш</i>	[ʃ]	<i>shyndyq</i>
4	<i>Zh / zh</i>	<i>Жж</i>	[ʒ]	<i>zhazw</i>

№	Латын таңбасы	Дыбысталуы	Транскрипциясы	Мысалы
1	<i>Ng / ng</i>	<i>Ңң</i>	[ŋ]	<i>tangba</i>

2-Кесте. Қазақ тілі әліпбиінің екінші нұсқасы

№	Написание	Звук
1	A a	[a]
2	A' a'	[ə]
3	B b	[б]
4	D d	[д]
5	E e	[e]
6	F f	[ф]
7	G g	[г]
8	G' g'	[r]
9	H h	[x], [h]
10	I i	[i]
11	I' i'	[и], [й]
12	J j	[ж]
13	K k	[к]
14	L l	[л]
15	M m	[м]
16	N n	[н]
17	N' n'	[ң], [нғ]
18	O o	[o]
19	O' o'	[ə]
20	P p	[п]
21	Q q	[қ]
22	R r	[р]
23	S s	[c]
24	S' s'	[ш]
25	C' c'	[ч]
26	T t	[т]
27	U u	[ұ]
28	U' u'	[ү]
29	V v	[в]
30	Y y	[ы]
31	Y' y'	[у]
32	Z z	[з]

3-Кесте. Қазақ тілінің латын графикасындағы ұсынылған әліпбиі.

№	Латын әрпі	Дыбыс атауы	ХФӘ	Кирилл Әрпі	Түсіндірме
1	A a	(a)	[a]	А а	
2	B b	(бы)	[b]	Б б	
3	C c	(сы)	[tc]	Ц ц	Қазақ тіліне кірме дыбыс
4	D d	(ды)	[d]	Д д	
5	E e	(е)	[e]	Е е	
6	F f	(фы)	[f]	Ф ф	
7	G g	(гі)	[g]	Г г	
8	H h				Диграфтың сыңары
9	I i	(i), (и)	[l, i]	I i, Ии	(i) – фонема, (и) – аллофон
10	J j	(й)	[j]	Й й	Дауыссыз фонема
11	K k	(кі)	[k]	К к	
12	L l	(ыл)	[l]	Л л	
13	M m	(мы)	[m]	М м	
14	N n	(ны)	[n]	Н н	
15	O o	(o)	[ɔ]	О о	
16	P p	(пы)	[p]	П п	
17	Q q	(қы)	[q]	Қ қ	
18	R r	(ры)	[r]	Р р	
19	S s	(сы)	[s]	С с	
20	T t	(ты)	[t]	Т т	
21	U u	(ұ), (у)	[ʊ, u]	Ұ ұ, Уу	(ұ) – фонема, (у) – аллофон
22	V v	(вы)	[v]	В в	
23	W w	(ў)	[w]		Дауыссыз фонема
24	X x	(хы),	[x, h]	Хх, Hh	(хы) – фонема, (хи) – аллофон
25	Y y	(ы)	[ɣ]	(ы)	
26	Z z	(зы)	[z]	(з)	
27	`				

4-Кесте. Диграфтар туралы орфографиялық ережелер.

№	Атауы	ХФӘ	Әріптер	Диграфтар	Мысалдар	Транскрипция
1	(ә)	[æ]	Ә ә	Ae ae	saebiz	[sæbiz]
				A` a`	sa`biz	[sæbiz]
2	(ө)	[ɵ]	Ө ө	Oe oe	oemir	[ɵmir]
				O` o`	o`mir	[ɵmir]
3	(ү)	[ʏ]	Ү ү	Ue ue	uemit	[ʏmit]
				U` u`	u`mit	[ʏmit]
4	(чы)	[tʃ]	Ч ч	Ch ch	chip	[tʃip]
5	(ғы)	[ɣ]	Ғ ғ	Gh gh	ghalym	[ɣalɣm]
6	(ың)	[ŋ]	Ң ң	Ng ng	ku`nggi	[kʏŋgi]
7	(шы)	[ʃ]	Ш ш	Sh sh	shar	[ʃar]
8	(жы)	[ʒ]	Ж ж	Zh zh	zhanga	[ʒaŋa]

Қазақстан Республикасының гимні

Қолданыстағы әліпбиде	Жаңа әліпбидің 1-ші нұсқасында	Жаңа әліпбидің 2-ші нұсқасында
Алтын күн аспаны, Алтын дән даласы, Ерліктің дастаны, Еліме қарашы! Ежелден ер деген, Даңқымыз шықты ғой. Намысын бермеген, Қазағым мықты ғой	Altyn kuen aspany, Altyn daen dalasy, Erlikting dastany, Elime qarashy! Ezhelden er degen, Dangqymyz shyqty ghoj. Namysyn bermegen, Qazahym myqty ghoj!	Altyn ku`n aspany, Altyn da`n dalasy, Erlikting dastany, Elime qarashy! Ezhelden er degen, Dangqymyz shyqty ghoj. Namysyn bermegen, Qazahym myqty ghoj!
Қайырмасы: Менің елім, менің елім, Гүлің болып егілемін, Жырың болып төгілемін, елім! Туған жерім менің – Қазақстаным!	Qajyrmasy: Mening elim, mening elim, Gueling bolyp egilemin, Zhyryng bolyp toegilemin, elim! Tughan zherim mening – Qazaqstanym!	Qajyrmasy: Mening elim, mening elim, Gu`ling bolyp egilemin, Zhyryng bolyp to`gilemin, elim! Tughan zherim mening – Qazaqstanym!
Ұрпаққа жол ашқан, Кең байтақ жерім бар. Бірлігі жарасқан, Тәуелсіз елім бар. Қарсы алған уақытты, Мәңгілік досындай. Біздің ел бақытты, Біздің ел осындай!	Urpaqqa zhol ashqan, Keng bajtaq zherim bar, Birligi zharasqan, Taewelsiz elim bar Qarsy alghan waqytty, Maenggilik dosyndaj, Bizding el baqytty, Bizding el osyndaj!	Urpaqqa zhol ashqan, Keng bajtaq zherim bar, Birligi zharasqan, Ta`welsiz elim bar, Qarsy alghan waqytty, Ma`nggilik dosyndaj, Bizding el baqytty, Bizding el osyndaj!

тел.: +7 747 777 1652

e-mail: sharalt@mail.ru